

Кіші топ		ЦИКЛОГРАММА			
Апта нөмірі		№34			
Күндері		03.05 - 06.05.2022			
Өтпелі тақырыптың атауы		Табиғаттың гүлденуі / Расцветает природа / The flowering of nature			
Мекеменің атауы, тобы		Бөбек лүпілі жеке меншік балабақшасы			
Педагогтің аты-жөні		Далабаева.М.Қ.			
Апта күндері		Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау		Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру.			
Ата-аналармен өңгімелесу.		Өңгімелесу: "Баланы үстел басындағы тамақтану тәртібіне қалай үйретеміз?", "Баланың өздігінен тамақтануына көркем сөздің жағымды әсері", "Баланы өз-өзіне қызмет етуін мақтаудың маңызы".			
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)		"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; таңдау себебін ("маған ұнайды"), ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым").	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстел ойындары сөресінің шаңын сұртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауын қадағалау; өз орамалының орнын тауып, қолын сұртутін, орнына ілуге, өзінің және өзге балалардың қол тазағылын байқауға ынталандыру, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстел ойындары сөресінің шаңын сұртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)		"Кең дала" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балаларды кең дала туралы тақпақты мәнерлеп оқуға ынталандыру, жағымды эмоциялық қабілеттерді дамыту. Педагог тақпақты оқу алдында, балалардың назарын гүлденген табиғат өлкесіне аударады. Тақпақты мимиканың және қолдарының қатысуымен оқуға болады. "Кең дала". Алақай-ау, алақай, Дала қандай кең еді! Бәрі өзімдей балақай, Қырдың гүлін тереді. Н. Әлімқұлов	"Мозаика" үстел ойыны. Мақсаты. Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен, қарапайым өрнек кілемшесін салу, педагог көрсеткен үлгіге қарап, мозаика өрнегін құрастыру. Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табақшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары. Педагог баладан қандай пішіндерді қолданғанын сұрастыра алады.	Саусақ жаттығуы. "Гүлдер". Мақсаты. Балаларды сөздерді айтқанда, саусақтармен қимылдарды қайталауға ынталандыру; есте сақтау, қуанышқа бөлену қабілеттерін, түйсіктерін дамыту. "Гүлдер". Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер, Қызыл гүлдер, көк гүлдер, Жайнар кезім келді деп, Қанаттарың желбіреп, Таңмен бірге оянып, Күн нұрына боянып, Керік бердің балаға. Тұманбай Молдағалиев.	"Жіптерді ыдыстарға түстеріне сай жина" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Балалардың түстерді қабылдау және ажырата білу сенсорлық қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға ынталандыру. Құралдар: түрлі-түсті жіптің орамдары; жіптердің әр түсі үштен кем емес болуы керек. Шарты: жіптерді бірыңғай түстер бойынша төрт себетке топтастыру.
Таңғы жаттығу (5мин)		Кешенді жаттығулар			

Таңы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Тамақтану рәсіміне деген қызығушылықты қалыптастыру. - Алақай! Алақай! Барамыз дастарханға қарай: Ботқамыз дәмді, аппақ, Болмаймыз сатпақ, Қасықпен алайық, Асықпай асайық.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				
	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Неткен әдемі біздің әлем! Ғажайыптарға "Сәлем!" Ғажайыптардан көз алмайсың, Қуанып, бәрін қызықтайсың!				
Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ		Көркем әдебиет. "Көктем келді гүл алып". Мақсаты. Балаларға Е. Тұрманжановтың «Көктем келді гүл алып» өлеңімен таныстыра отырып, көктем мезгіліне тән құбылыстар туралы түсінік беру; табиғаттың әсемдігін сезіне білу қабілетін қалыптастыру; тірек сөздерді ересек адамның соңынан мәнерлеп айтуға талпындыру; өлең жолдарын оқуда жағымды эмоциялық ахуал тудыру. <i>"Далада қызғалдақтар өсті"</i> <i>шығармашылық рефлексиясы.</i> Музыка. "Нәзік гүлдер". Мақсаты. Балаларды әннің әуенімен ырғақты қимылдай білуге үйрету; көңілді әннің сипатын қарқынынан ажырата білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық пьеса ырғағына сай топта және жұпта билеу дағдыларына жаттықтыру. <i>"Гүлдің түсі қандай?" дидактикалық ойыны.</i>	Құрастыру. "Аула қақпасы". Мақсаты. Балаларды аула қақпасын және текшелерді үлгі бойынша бір-бірінің үстіне түзу тізіп, екі баған жасап, екі бағанды білеумен жауып қосып, үстінен ортаға призманы қоюға үйрету; педагогтің үлгісіне сай орындау қабілетін арттыру; құрылыс нәтижесін іс-тәжірибе және ойыншықпен ойнау арқылы тексеру қабілетін қалыптастыру. Балалардың құрылыс материалдардың қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлану мүмкіндіктерін арттыру; тілі мен байқағыштығын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. <i>Құрылыс нәтижесімен ойнату.</i> <i>"Ойыншықтарды қақпадан өткізейік".</i> Дене шынықтыру. "Бақбақ гүлі әлемінде". Мақсаты. Балаларды екі қолмен допты тордан алысқа лақтыра білуге үйрету; допты алысқа лақтыру техникасына дағдыландыру; допты басынан жоғары және кеудеден лақтыру жаттығуына машықтандыру. Балаларды екі қолмен допты тордан алысқа лақтыра білу қабілетін дамыту; допты алысқа лақтыру дағдыларын меңгерту; допты басынан жоғары және кеудеден лақтыру кезінде қол, дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру. <i>"Баскетбол" қимыл ойыны.</i>	Жаратылыстану. "Бақбақ гүл". Мақсаты. Балаларды бақбақ гүлмен таныстыра отырып, оны бақылай білуге үйрету; бақбақ гүлдің құрылымы мен ерекшеліктерін байқау және басқа өсімдіктерден айырмашылығын таба білу қасиеттерін қалыптастыру; жағымды эмоцияларға бөленуге жағдайлар жасау. <i>"Жолда бақбақтар өсіп тұр"</i> <i>шығармашылық рефлексиясы.</i> Дене шынықтыру. "Бақбақ гүлін бірге үрлейік". Мақсаты. Балаларды бірінің артынан бірін адымдатып жүргізу; залды айнала жүріп қолдарын жоғары көтеріп, гүлдер сияқты жайқалу; екі қолымен допты тордан жоғары лақтыру іскерліктерін жетілдіру; допты тордан жоғары лақтыру кезінде шапшаң, епті әрі жылдам болуға тәрбиелеу. <i>"Допты қуып жетіндер" қимыл ойыны.</i>	Музыка. "Билейміз гүлдермен". Мақсаты. Балаларды көңілді әннің сипатын ажыратып, ырғаққа сай қимылдарды жасауға ынталандыру; топта және жұпта билеу дағдыларын жетілдіру; жағымды эмоцияларды дамыту. <i>"Әсем гүлдер" ойыны.</i>

Серуен		Гүлденген бұталарды (ағаштарды) бақылау. Мақсаты. Балалардың гүлденген бұталар мен ағаштар туралы ұғымдарын қалыптастыру; көктем мезгілінде өсімдіктердің тек жапырақтары емес, гүлдері пайда болғанына көңіл аудару; зейінін, ақыл-ойын дамыту. Көктемде гүлдейді бұталар, Көктемде гүлдейді ағаштар, Көзге тартымды бұл гүлдер, Қонады гүлге жәндіктер. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту. "Көбелектер гүлдерге қонды" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды жан-жаққа еркін жүгіріп, педагог белгілеген орындарға сигнал бойынша тоқтап, шоқайып отыруға үйрету; балалардың зейінін, жылдамдығын, ойлау қабілеттерін дамыту. Педагог жерге "гүлдер" деп атап, әр жерге шеңберлерді сызып немесе қағаздан гүлдер киықтарын шашып, жайып қоюы мүмкін. - Көбелектер, қоңыздар, Тоқтамайсыңдар, ұшасыңдар! Қорек іздеп жатсаңдар, Гүлдерге қонасыңдар! Д. Ахметова "Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. Мақсаты: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.	Бақбақ гүлін бақылау. Мақсаты. Балаларды бақбақтың негізгі бөлшектерін атап, гүлдер топтамасына жатқызуға баулу; бақбақтың түсі сары, басы үлпілдек екендігін көзбен көріп, қолмен ұстап, сипап, өскен жерінен жұлмауға тәрбиелеу. Күннің шуағы шөпте, Сары нүктелер төкпе. Түп-түзу тіке сабақ, Сап-сары гүлдер бақбақ. Ұп-ұзын көп жапырақ, Сап-сары гүлдер бақбақ, Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Бақбақтар" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіріп, қалаған орындарға шоқайып отыруға ынталандыру; зейінін, шапшаңдыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу. - Балалар, біз шеңберге жиналып, бір үлкен күн болайық. Шеңберде жүріп, барлығымыз тақпаққа қосылайық. Күннің шуағы шөпте, Сары нүктелер төкпе. Түп-түзу тіке сабақ, Сап-сары гүлдер бақбақ. "Бақбақ" сөзі айтылған кезде жан-жаққа жүгіріп, жерге шоқайып отыра қаласыңдар. Ойын екі рет өткізіледі. "Аюдың орманында" қимылды жаттығу. Мақсаты: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру.	Аспанды бақылау. Мақсаты. Балаларды аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқауға, түсін атауға ынталандыру; зейінін, түйсігін дамыту. Тап-таза көгілдір алаң, Бұл - жердің шатыры аспан. Аспан - күннің мекені, Жұлдыздар мекені. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Саппен жүру жаттығуы". Мақсаты. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету. Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады. "Жазда". Шулы өзенге барайық, Орын таңдап алайық. Ақ сазанға ау құрып, Болат қармақ салайық. Жүр, балалар, тұрмалық, Гүл терелік, қыр барып. Рамазан Тышқанбаев "Масаны ұстап ал!" қимылды ойыны. Мақсаты: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды сигнал бойынша бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру.	Көлеңкені бақылау. Мақсаты. Балаларға жерге түскен көлеңкелерін, олардың адамның қимылын қайталайтынын байқату, жағымды көңіл-күйге бөлену қабілетін дамыту. Педагог балаларға алдарындағы жерге, көлеңкеге қарауды ұсынады, қимылдарды қайталап, көлеңкенің қимылына көңіл аударады. - Балалар, қараңдаршы, бұл біздің көлеңкеміз. - Менің соңынман қайталап көріңдер. Тұрсақ - тұрады, Отырсақ - отырады, Қолмен бұлғасақ - бұлғайды, Соңымыздан қалмайды. Д. Ахметова. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру. - Біз көңілді балалармыз, Қатар-қатармен тұрамыз, Көтеріміз иықты, Бақылаймыз жан-жақты. Жүріп, жүріп асықпай, Тез есеміз, алақай! "Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. Мақсаты: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары.				

Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)		Сурет салудан ойын-жаттығу: "Гүлдер". Мақсаты. Балаларды қағаз бетімен алдына ала танысып алуға үйрету; қағаз бетіндегі "көктемгі далаға" қою бояуға малынған қылқаламмен алдында бормен салынып қойған гүлдерге жақпа басып, тез алып отыруға жаттықтыру; "гүл шоғы" басылып шыққан сайын тағы да гүл сабағы бар бос жерлерді тауып, дәл қойып отыру қабілетін пысықтау; қағаз бетін гүлдерге толтыруға дағдыландыру; көктемгі табиғат көріністері туралы түсініктер беру. <i>"Гүл шоғын кімге беремін" сөздік жаттығу рефлексиясы.</i> Демалыс күніне түскен тақырып жеңілдетілген ойын-жаттығу түрінде өткізіледі. "Көжек" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балаларды тақпақты, "Көжек" ойыншығына қарап, эмоциялық күйде педагогтің сөзіне, қимылдарына еліктеп, жатқа айтуға ынталандыру. Құралдар: көжек ойыншығы немесе оның суреті. - Көжек, көжек, көжегім, Ішесің бе көжені? - Жоқ, мен көже ішпеймін, Сәбізді қытырлатып жеймін. Сәбіз қатты, бірақ тәтті. Д. Ахметова	Дене шынықтырудан ойын-жаттығу: "Бақбақ гүлдер". Мақсаты. Балалардың екі қолымен допты тордан жоғары лақтыру және торға дәл лақтыру техникасын бекіту; оқу қызметін пысықтау; бақ-бақ гүлі туралы білімдерін толықтыра отырып, тыныс алу жаттығуына ынталандыру. <i>"Баскетбол" қимыл ойыны.</i> Демалыс күніне түскен тақырып жеңілдетілген ойын-жаттығу түрінде өткізіледі. Тақпақты мәнерлеп оқу. Мақсаты. Балалардың эмоцияларын дамыту, бақа туралы ұғымдарын қалыптастыру. "Алқа таққан бақа туралы". Келді қонаққа, Мөлдір көз бақа. Тағы алып мойнына, Әдемі алқа. Мөлдір көз бақа, Тағы қай жаққа, Бүгін тағасың Әдемі алқа? Д. Ахметова	"Аю" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балаларды тақпақты "Аю" ойыншығына қарап, эмоциялық күйде педагогтің сөзіне, қимылдарына еліктеп, жатқа айтуға ынталандыру. Құралдар: аю ойыншығы немесе суреті. Аю қалың орманда. Қорбаң-қорбаң жүреді, Жеміс-жидек тереді, Ақырып анда-санда. Д. Ахметова	"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Балаларды түрлі ойыншықтар мен заттарды атауға жаттықтыру, олардың жарылу қасиеті жөнінде ұғымдарын ұстап, сипап көру арқылы қалыптастыру. Шарты. Дорбада жатқан затқа (ойыншыққа) қарамай, ұстап-сипап танып, атап, ойынға алуға мүмкіндікті алу. Құралдар: дорба, дорбаға салынған түрлі ойыншықтар мен заттар.
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға, өз киімдерін тануға, сөреден алып беруге, атауға, киіну рәсіміне қатысуға, киімін шешіп, орнына апарып ілуге, салуға талпындыру.				
Серуен	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар.				

Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу		"Кең дала" тақпағын мәнерлеп оқу. "Кең дала". Алақай-ау, алақай, Дала қандай кең еді! Бәрі өзімдей балақай, Қырдың гүлін тереді. Н. Әлімқұлов	"Табақшаларды жинайық" дамытушы ойыны. Мақсаты. Балаларды табақшаларды көлемдері мен түстеріне сүйеніп, кезегімен бірінің үстіне бірін салып, жинақтауға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, түстерді және көлемді қабылдау қабілеттерін дамыту; жасалған жұмысына қарап жағымды әсер алуға баулу. Құралдар: түрлі-түсті және көлемі үш түрлі табақшалардың (қатпа қағаздан қиылған дөңгелек кескіндерінің) жинақтамалары. Балалар ыдыстар сөрелерін жинауға, түстері бірдей, үлкен, орташа, кішкентай табақшаларды жинайды.	Ойын-имитация. "Дала гүлдері". Мақсаты. Балаларға педагогтің сөздеріне қимылдар арқылы жауап беруге ынталандыру; сөздерге қосылып, шеңберге жиналу дағдыларын қалыптастыру. Педагог балаларға гүлдердің маскаларын үлестіреді. Қандай тамаша көктем күндері! Қандай тамаша дала гүлдері! Бұлғап тұр бізге жапырақтарымен, Жайқалып тұр қызыл, сары бастарымен. Д. Ахметова	"Торғай-торғай тоқылдақ" қимыл жаттығуы. (Ел аузынан) - Торғай-торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып, Түймедей боп монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар, Торғай-торғай топтаған. Торғайды торғай мақтаған, Бір торғай ұшса боранда, Іздеп бәрі жоқтаған.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Баланы үстел басындағы тамақтану тәртібіне қалай үйретеміз?", "Баланың өздігінен тамақтануына деген көркем сөздің жағымды әсері", "Баланың өз-өзіне қызмет етуін мақтаудың маңызы".				

Бекишева.М.А. 